

“Журналистика”- бұл бір ғана саланы зерттеп шектелмейді. Бұл саланың да ақ пен қарасы, қызығы мен қиыншылығы, обалы мен сауабы қатар жүреді. Елдің тарихын зерттеп, халқының мұңын шертіп, еліміздің даму жолын, жақсы жақтарын жарыққа шығарып, әлем тамашалауға паш еткенге не жетсін. Қазақтың ақындары, ағартушы, жазушылары мен қайраткерлері осы мамандықтың суын ішіп, дәмін татқан. Жақсы мен жаманын айырып, тура жол сілтеп, сара жолын салып берген. Егер мен журналист болсам: кезіндегі тұлғаларымыз секілді ақ парақтың бетіне қанмен қасірет жазбасам да, елімнің жарқын болашағын, кемел келешегін жандандыру мақсатында көптеген мақала жазуға әрекет етемін. Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы атамыз айтқандай: “ Сен де - бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан!” . Сенің де, менің же қолымызда болашаққа деген түйірдей кірпіш бар, сол кірпіштің қалануына түйіндей ойдың болғаны жөн. Болашақта ҚазҰУ түлегі болып, Қадыр Мырза Әлі, Олжас Сүлейменов, Жүрсін Ерман секілді тұлғаларымыздай ел алдында абыройлы еңбек сіңіргім келеді. Журналистика- елдің өткен тарихымен, кемел келешегін байланыстыратын көпір тәрізді. Сол көпірді салатын тұлғаның болуы да әсте маңызды. Шын көңілмен жүрек қалауыңмен таңдаған мамандығыңның иесі болу үшін де, ол қолымыздан келетін іс болуы қажет.

Рухымызды көтеру, халықты жұмылдыру, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, халықтың мүддесін қорғап, белестерді бағындырып ел алдында абыройлы қызмет ету біз үшін, журналисттер үшін үлкен мәртебе. Кешегі зиялы ақындар мен қайраткерлеріміз яғни, Абай, Мұхтар, Шәкәрім, Мағжан, Міржақып секілді өз басының қамын емес елдің келешегін, ұрпақтың болашағын ойлаған, қазақ халқының қамын жоғары қоя білген. Бізде ақындарымыз секілді өмізді шыңдап, халқымызды тыңдап, адал еңбек етуге ниеттенейік, әрекет етейік.